

8-сынып бойынша СҰРАҚТАР:

1. Абай Құнанабаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз?
2. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларын атаңыз?
3. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні?
4. «Аяз би » ертегісінде Жаманды хан болуға лайық деп, оған «Аяз би» деп ат қоюда қандай мән бар?
5. Асан Қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты не?
6. Ақселеу Сейдімбектің шығармаларын атаңыз?
7. «Ер Төстік » қиял-ғажайып ертегіге жататынын қалай дәлелдеуге болады?
8. Әдеби қаһарман дегеніміз не?
9. Тарихи шындық дегеніміз не?
10. Жиреншенің тапқырлығын қандай аңыз әңгімелерден көруге болады?
11. Әңгіме дегеніміз не?
12. Мысал дегеніміз не?
13. Қанатты сөздер дегеніміз не? Мысал келтір?
14. Метафора дегеніміз не?
15. Композиция дегеніміз не?
16. Әдебиет тарихы дегеніміз не?
17. Лирикалық образ деген не?
18. Сарказм дегеніміз не?
19. Синекдоха дегеніміз ?
20. Арнау дегеніміз не?
21. Лирика дегеніміз не?
22. Сафуан Шаймерденовтің балаларға арналған шығармаларын атаңыз?
23. Қадыр Мырза Әлінің шығармаларын атаңыз?
24. Эпикалық образ дегеніміз не?
25. Әдебиет сыны дегеніміз не?
26. Абайдың қара сөздерін жазудағы мақсаты
27. Ғ.Мүсіреповтың шоқтығы биік аналар тақырыбындағы туындыларын атаңыз?
28. С.Мұқановтың «Есіл бойында» әңгімесіндегі әншінің есімі кім?
29. Кесені қолыма алып қарай бердім
«Ішінде нақақ көзден жас бар ма?» деп, – деген өлең жолдарындағы көркем әдісті табыңыз?
30. Қозы Көрпештің әкесі?
31. Досына арнап өлең жазған ақын?
32. Қазақ халқын «маса болып ызындап оятпақшы» болған ақын?
33. Көркемдік тәсілді тап?
34. Сырты алтын, іші күміс оның үйі
Күнде дәурен неғылса келер күйі, – көркемдегіш әдіс-тәсілдің қай түрі қолданылып тұр?
35. Кімнің қай шығармасынан?

Ұшатын құстай қымтанып, қомданып алды. Отырғандар аузын ашып аңырды. Сүмірейте, қылмита соқты; желдете құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді; бойды шымырлатты.

36. Кімнің қай шығармасынан. Көркемдегіш тәсілді тап?

Бұлтын жиып көкірегіне

Күрсінді бір аспан ауыр;

Қос қанатын соғып жерге,

Азаланып жетті дауыл;

37. Кімнің қай шығармасынан?

Арада бірнеше күн өтті. Осы сайдан шыққан жоқ. Ашығып бұралуға айналды. Бірақ аяғы ептеп басуға келеді. Бір-екі қырқадан асты. Бір сайда үш-төрт ат жайылып жүр екен. Шетте арықтау бір көкшолақ ат тұр еді. Тап беріп қуып отырып, қалың омбыға әкеліп қамады. Күнде кешті күтеді.

38. Саққұлақ, Желаяқ, Көлтауысар қай ертегінің кейіпкерлері?

39. Мақалдың екінші жартысын айтыңыз.

Батыр туса – ел ырысы, ...

40. «Ер Төстік» ертегісіндегі Кенжекейді жар басындағы лашыққа шақырған қыздың аты кім?

41. «Ер Төстік» ертегісіндегі Төстіктің әкесінің жалмауызға беріп кететін затын атаңыз.

42. «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі Кендебайдың әкесін кім?

43. Белгілі бір адамның атына іс-әрекетіне байланысты туған шығарма қалай аталады?

44. Кенжекей қай ертегінің кейіпкері?

45. «Ұлыс оң болсын!» деген бата –тілектің қандай түрі?

46. Аңыздағы «Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?»- деген кімнің сөзі

47. Құранда неше сүре бар?

48. Толағайдың анасының аты кім?

49. Ахмет Байтұрсынұлы қай жерде дүниеге келді?

50. Махамбеттің әкесінің аты кім?

51. Төмендегі үзінді М.Өтемісұлының қай өлеңінен алынған?

Көл қорыған сен едің,

Сен де айырылдың көліңнен.

Ел қорыған мен едім,

Мен айырылдым елімнен.

52. Ыбырай Алтынсарин тұңғыш мектепті қай жылы ашыты?

53. Ы.Алтынсарин қай жерде дүниеге келді?

54. С Торайғыров қай жылдары өмір сүрген?

55. Жамбыл қай жылы қайтыс болды?

56. С.Сейфуллин қайда туған?

57. С.Мұқанов қай жылдары өмір сүрді?

58. «Қажымұқан» хикаятының авторы кім?

59. «Менің Республикам » кімнің өлеңі?

60. Қай ақын Алматы облысы, Райымбек ауданыда дүниеге келді?

61. «Ақан сері», «Жапандағы жалғыз үй» романдарының авторы кім?

62. «Ақырғы бәйге» шығармасында сынды құлагерге кім айтты?

63. «Бауырлар» өлеңінің авторы кім?

64. Даңқын қайда төске өрлеген?

Екі жүз мың әскерменен

Алты ай бойы кіп-кішкентай Отырарды ала алмау...

...Тек жеңіспен көзін ашқан

Менің алғыр ұрпағымның сүйегіне зор таңба, – деп Шыңғыс кімге ашу сөз айтып отыр.

65. Кімнің өлеңі Тәуелсіз Қазақстанның Әнұранына айналды?

66. Күләш Ахметова қандай кітабы үшін Қазақстан Жастар одағы сыйлығына ие болды?

67. Шыңғыс Айтматовтың туған ауылының аты?

68. Қай ақын Атырау облысы, Манаш ауылында туған?

69. «Аударып жұрттың назарын,

Бардың да көрген базарын.

Жоқтың да көрген азабын,

Даладай дана қазағым»,– деп жырлаған қай ақын еді?

70. «Менің Қазақстаным» өлеңін қай ақын жазды?

ЖАУАПТАРЫ:

1. Абай Құнанабаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз? («Әсемпаз болма әр неге», «Ғылым таппай мақтанба», «Қыс», «Жаз», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» т.б)
2. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларын атаңыз? («Өзен», «Әке мен бала», «Бақша ағаштары», «Дүние қалай етсең табылады?»)
3. Мақал мәтелдердің тәрбиелік мәні?(Отан сүйгіштікке, өз елінің патриоты болуда, елін-жерін шексіз сүйуіне отан туралы айтылған мақал-мәтелдің берері мол.)
4. «Аяз би » ертегіде Жаманды хан болуға лайық деп, оған «Аяз би» деп ат қоюда қандай мән бар? (Жаман өзінің әділдігімен таққа мінген соң, соғыспай, ақылмен бес хандықты өзіне қаратты. Сол уақыттан бастап, әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға «Аяз би» деп ат қойыпты)
5. Ертегі дегеніміз не? Ертегінің түрлерін атаңыз? (Ертегілер ауыз әдебитінің ең көне жанрына жатады. Бұларда көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін, ойдан шығарылған оқиғалар баяндалады.оның үш түрі бар: шыншыл ертегілер, қиял – ғажайып ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер)
6. Ақселеу Сейдімбектің шығармаларын атаңыз? («Ақиық», «Қыр хикаялары», « Тауға біткен жалбыз», «Аққыз», «Кеніш», «Серпер»)
7. «Ер Төстік » қиял-ғажайып ертегіге жататынын қалай дәлелдеуге болады?(Мысалы Ертөстіктің достары өмірде жоқ. Қиялдан алынған)
8. Әдеби қаһарман дегеніміз не? (Әдеби қаһарман- әдебиеттің идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленетін тұлға.)
- 9.Тарихи шындық дегеніміз не? (Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған оқиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады.)
10. Жиреншенің тапқырлығын қандай аңыз әңгімелерден көруге болады? («Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?», «Жиренше шешен мен қарашаш сұлу», «Жиреншенің хан сынағына түскені»)
11. Әңгіме дегеніміз не? (Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады.)
12. Мысал дегеніміз не? (Мысал – деп адам бойындағы кемшіліктерді сынап, адалдық, әділдік, қайырымдылық сияқты жақсы қасиеттерді мадақтап жазатын шығарманы айтады. Мұндай шығармада өсімдіктер мен жануарлар, аңдар мен құстар кейіпкер ретінде алынады.)

13. Қанатты сөздер дегеніміз не? Мысал келтір? (Даналық қорындыға құрылған мейлінше жинағы әрі мағыналы сөз. Қанатты сөздердің авторы анық болады)

14. Метафора дегеніміз не? (Метафора дегеніміз не? Сөз мәнін өңдендіре, өзгерте айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, өзіне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.)

15. Композиция дегеніміз не? Композиция (лат. *compositio* – құрастыру, шығарма) – оның жанры мен мазмұнына орай құрамдас бөліктерінің тұтастығы. Композиция – құрамдас бөліктері бірлікте ұштастырылған, бір-біріне және жалпы мүддеге бағындырылған мақсатты көркем құрылым. Пластик. өнерле композиция көркем пішін (форма) түзілімінің жеке сәттерін біріктіріп тұрады.)

16. Әдебиет тарихы дегеніміз не? (Әдебиет тарихы – әр халықтың әдебиетін тарихи қалыптасу тұрғысында қарастырып, дәуірге бөліп, әдеби бағыттарды, оған үлкен үлес қосқан ірі жазушылар шығармашылығын нақтылы зерттейді.)

17. Лирикалық образ деген не? (Лирикалық образ – сыншыл өлең жырлардағы ақынның бейнесі; оның ішкі бітімі; ақынның мың иірім көңіл күйінен-нәзік сыры мен сылқым сезімдерінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер.)

18. Сарказм дегеніміз не? (Сарказм – қазақша мысқыл, зілді кекесін. Сарказм – иронияның ұлғайған түрі делінеді. Екеуінің де негізі күлкі. Адамның не өмір құбылысының белгілі бір жағын күлкі ету, шешу, мысқал ету. Бірақ екеуінің өзара жақындығымен қатар, айырмасы да бар.)

19. Синекдоха дегеніміз ? (Синекдоха – жобалап, нобайлап, шамалап түсіну – бүгіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, үлкеннің орнына кішіні немесе жалқының орнына жалпыны, бөлшектің орнына бүтінді қолдану негізінде сөз мағынасын алмастыру амалы.)

20. Арнау дегеніміз не? (Арнау – ақын не біреуге, не өзіне, не көпшілікке қайырыла сөйлесе арнау дейді. Бұл үшке бөлінеді: жарлай, сұрай, зарлай арнау. Көпшілікті не біреуге қайырыла сөйлесе немесе бір нәрсеге шақырса жарлай арнау болады.)

21. Лирика дегеніміз не? (Лирика (гр. *Lyra* – лира аспабының сүйемелдеуімен айтылатын көркем әдебиет жанрының бірі) Лириканың басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикалық шығармалар өлеңмен жазылады, онда автордың немесе кейіпкердің дүниеге көз қарасы, оның сезімін, нақты ойі көңіл-күйін суреттеу, әсерлеп бейнелеу арқылы көрсетіледі. Кез келген сезіну мен толғаныс Лирика тудыра алмайды, әлеуметтік-толғаныстар Лирика тудырады. Эпика жанры баяндауға негізделсе, Лирикалық шығарма адамның түрлі құбылыстан алған әсерін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасады.)

22. Сафуан Шаймерденовтың балаларға арналған шығармаларын атаңыз? («Мінез», «Мезгіл», «Өкіл әке», «Қыр гүлі»)

23. Қадыр Мырза Әлінің шығармаларын атаңыз? («Күміс қоңырау», «Дала дидары», «Қорамсақ», «Көкпар»)

24. Эпикалық образ дегеніміз не? (Эпикалық образ – кескін-кейпі, мінез-құлқы, іс-әрекетінен тұтас көрінген әрі толық жинақталған, әрі әбден дараланған тип.)

25.Әдебиет сыны дегеніміз не? (Әдебиет сыны көркем шығармаларға талдап баға беру, олардың идеялық мазмұнын, қоғамдық мәнін, басты көркемдік ерекшеліктерін ашып беруді мақсат етеді.)

26.Абайдың қара сөздерін жазудағы мақсаты? (Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі - қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) – лы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы аналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әралуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қарасөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған.)

27. Антитеза дегеніміз не?(Антитезада бір нәрсені екінші нәрсеге қарсы қоюмен үшінші нәрсенің қандай екенін анықтайды)

28. С.Мұқановтың «Есіл бойында» әңгімесіндегі әншінің есімі кім?

(Мырзатай)

29. Кесені қолыма алып қарай бердім

«Ішінде нақақ көзден жас бар ма?» деп, – деген өлең жолдарындағы көркем әдісті табыңыз? (Ирония)

30. Қозы Көрпештің әкесі? (Сарыбай)

31. Досына арнап өлең жазған ақын? (С.Сейфуллин)

32. Қазақ халқын «маса болып ызыңдап оятпақшы» болған ақын?

(А.Байтұрсынұлы)

33. Көркемдік тәсілді тап?

Таудан мұнартып ұшқан, тарланым.

Арыстаным, көп болды- ау.

(Метафора)

34. Сырты алтын, іші күміс оның үйі

Күнде дәурен неғылса келер күйі, – көркемдегіш әдіс-тәсілдің қай түрі қолданылып тұр? (Эпитет)

35. Кімнің қай шығармасынан?

Ұшатын құстай қымтанып, қомданып алды. Отырғандар аузын ашып аңырды. Сүмірейте, қылмита соқты; желдете құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді; бойды шымырлатты.

(Ж.Аймауытов «Әнші»)

36. Кімнің қай шығармасынан. Көркемдегіш тәсілді тап?

Бұлтын жиып көкірегіне

Күрсінді бір аспан ауыр;

Қос қанатын соғып жерге,
Азаланып жетті дауыл;

(Қ.Аманжолов «Ақын өлімі туралы аңыз» Кейіптеу)

37. Кімнің қай шығармасынан?

Арада бірнеше күн өтті. Осы сайдан шыққан жоқ. Ашығып бұралуға айналды. Бірақ аяғы ептеп басуға келеді. Бір-екі қырқадан асты. Бір сайда үш-төрт ат жайылып жүр екен. Шетте арықтау бір көкшолақ ат тұр еді. Тап беріп қуып отырып, қалың омбыға әкеліп қамады. Күнде кешті күтеді.

(М.Әуезов «Көксерек»)

38. Саққұлақ, Желаяқ, Көлтауысар қай ертегінің кейіпкерлері? **«Ер Төстік»**

39. Мақалдың екінші жартысын айтыңыз.

Батыр туса – ел ырысы, ...

Жаңбыр жауса – жер ырысы.

40. «Ер Төстік» ертегісіндегі Кенжекейді жар басындағы лашыққа шақырған қызды айтыңыз.

Перінің қызы Бекторы.

41. «Ер Төстік» ертегісіндегі Төстіктің әкесінің жалмауызға беріп кететін затын атаңыз. **Егеу.**

42. «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі Кендебайдың әкесін айтыңыз.

Қазанғап

43. Белгілі бір адамның атына іс-әрекетіне байланысты туған шығарма қалай аталады? **аңыз әңгіме**

44. Кенжекей қай ертегінің кейіпкері?

«Ер Төстік»

45. «Ұлыс оң болсын!» деген бата –тілектің түрін табыңыз.

Наурыз батасы

46. Аңыздағы «Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?» деген кімнің сөзі **Жиренше**

47. Құранда неше сүре бар? **114**

48. Толағайдың анасының аты кім?

Айсұлу

49. Ахмет Байтұрсынұлы қай жерде дүниеге келді?

Торғай

50. Махамбеттің әкесінің аты кім? **Өтеміс**

51. Төмендегі үзінді М.Өтемісұлының қай өлеңінен алынған?

Көл қорыған сен едің,

Сен де айырылдың көліңнен.

Ел қорыған мен едім,

Мен айырылдым елімнен.

«Қызғыш құс»

52. Ыбырай Алтынсарин тұңғыш мектепті қай жылы ашыты?

1864

53. Ы.Алтынсарин қай жерде дүниеге келді?

Қостанай

54. С Торайғыров қай жылдары өмір сүрген?

1893-1920

55. Жамбыл қай жылы қайтыс болды?

1945

56. С.Сейфуллин қайда туған?

Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы

57. С.Мұқанов қай жылдары өмір сүрді?

1900-1973ж.ж.

58. «Қажымұқан» хикаятының авторы кім?

Қ. Әбдіқадыров

59.«Менің Республикам » кімнің өлеңі?

С. Мәуленов

60. Қай ақын Алматы облысы,Райымбек ауданыда дүниеге келді?

М. Мақатаев

61. «Ақан сері», «Жапандағы жалғыз үй» романдарының авторы кім?

С. Жүнісов

62. «Ақырғы бәйге» шығармасында сынды құлагерге кім айтты?

Күреңбай

63. «Бауырлар» өлеңінің авторы кім?

Т.Молдағалиев

64. Даңқын қайда төске өрлеген?

Екі жүз мың әскерменен

Алты ай бойы кіп-кішкентай Отырарды ала алмау...

...Тек жеңіспен көзін ашқан

Менің алғыр ұрпағымның сүйегіне зор таңба, – деп Шыңғыс кімге ашу сөз айтып отыр.

Шағатайға

65 Кімнің өлеңі Тәуелсіз Қазақстанның Әнұранына айналды?

Ж.Нәжімеденов

66. Күләш Ахметова қандай кітабы үшін Қазақстан Жастар одағы сыйлығына ие болды?

«Сен менің бақытымсың»

67. Шыңғыс Айтматовтың туған ауылының аты?

Шекер

68. Қай ақын Атырау облысы, Манаш ауылында туған?

Ф.Оңғарсынова

69. «Аударып жұрттың назарын,

Бардың да көрген базарын.

Жоқтың да көрген азабын,

Даладай дана қазағым»,– деп жырлаған қай ақын еді

Күләш Ахметова

70. «Менің Қазақстаным» өлеңін қай ақын жазды?

Жүмекен Нәжімеденов

